

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау бойынша «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ

2024 жылғы «28» маусым

Сергеевка қ.

Қатысқандар:

Төраға: Н.Е.Абуов - «СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК директорының м.а.

Б.Ж. Мукашев – Сараптама және медициналық қызмет көрсету сапасы бөлімінің меңгерушісі , сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс комиссиясының мүшелері, дәрігерлер, емхана мен бөлімшелердің орта және кіші медицина қызметкерлері, бас бухгалтер, бас экономист, кадрлар бөлімінің бастығы, заңгер.

Хатшы: И.А. Анафияов комплаенс маманы.

КҮН ТӘРТІБІ:

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау.

2024 жылғы 28 маусым, сараптама және медициналық қызмет көрсету сапасы бөлімінің меңгерушісі Бахтияр Жамуллович Мукашевпен , «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің қатысуымен, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытының жобасына жауапты қызметкерлердің қатысуымен ұсыныстарды талқылау мақсатында отырыс өткізілді, кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша.

Қатысушылар «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамамен танысты. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) кәсіпорынның ұйымдық - басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын кезең **2023 жылғы 1 шілдеден 2024 жылғы маусымға** дейін.

